

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2016

УДК 61(07)

А. Р. Алпысова, Н. Т. Телембетов, Л. М. Матаева, Л. И. Бочарова, Г. К. Тулеуова

## БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ ТОПТЫҚ ОБЪЕКТИВТІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ КЛИНИКАЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ЕНГІЗУ АНАЛИЗІ

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті «№1 жедел және кідіріссіз медициналық көмек» кафедрасы

Топтық объективті құрылымдық клиникалық емтиханды өткізу студенттердің ауруханаға дейінгі кезеңде жедел медициналық бригада шарттарына максималды жақын болатын жедел жағдай бойынша білімін ұтымды және заманауи үлгіде бағалау нұсқасы болып табылады. Жұмыстың мақсаты «Жалпы медицина» мамандығының 5 курс студенттерінің мемлекеттік аттестациялық бақылаудан өтуі кезіндегі топтық объективті құрылымдық клиникалық емтиханды меңгеруін бақылау болып табылады.

Топтық объективті құрылымдық клиникалық емтиханды өткізудегі жағымды жақтарды атап өткен жөн, бағалау парағын оптикалық тануды пайдалана отырып баллдар автоматтандырылған жүйемен есептеледі, студентке таныс емес стандартталған пациенттердің тартылуы, өздеріне таныс емес пациенттер алдындағы коммуникативті дағдыларды студенттердің ұстануларын емтихан бақылаушыларына бақылау мүмкіндігі туды. Топтық объективті құрылымдық клиникалық емтиханды өткізуде кейбір кемшіліктер болды және ол кемшіліктер студенттердің коммуникативті дағдыларды жеткілікті көрсете алмауымен, нақты айтқанда төтенше жағдайда, ЖОО-да әліде болса коммуникативті дағдыларды жетілдіру керектігін көрсетті.

*Кілт сөздер:* Топтық объективті құрылымдық клиникалық емтиханды, мемлекеттік аттестациялық комиссия, студенттер, білім деңгейі, коммуникативті дағдылар

Денсаулық сақтаудағы қазіргі ахуал медициналық білім жүйесіне реформалауды талап етеді, жоғары мамандырылған кәсіпқой кадрлар дайындауда жаңа талаптарды ұсынады. Қазіргі таңда медициналық және фармацевтикалық білімді реформалау көбінесе Балон келісімімен анықталынады, ол сонымен қатар құзыреттілікпен және бітіруші түлектің үлгісінде құзыреттілікке өту ұғымымен де байланысты [4].

Соңғы он жылда оқу сапасын және оқытудың әсерін жоғарлату мәселелерін шешуде ғылыми тәжірибеге үлкен күш артылды. Мұның себебі білім әлеуетін арттыруда әлемде бәсекелестік күрестің күшеюі. Ақпарат өркениеттің маңызды ресурсына айналуға, оның дамуы заманауи сипатқа ие. Бұл заманауи өзгеріске дайындалуда, жаңа технологиялардың жаңару өзгерісіне, оқу стратегиясына талаптар қойылады. Бұл нәтижеге бағдарланған, білім беру саясаты құзыретті білім атауын алды. Құзыреттілік сөйлеу барысындағы тек білімді ғана болуды талап етпейді, мұнда тапсырманы білгірлікпен шешу туралы да айтылған. Басқаша айтқанда, құзыреттілік білгірлікті, сонымен қатар мәселелерді икемдірек шешу әдісін, тереңірек ойлауды қажетсіңеді.

Мамандандырылған құзыреттілік, білімнен, дағдылар біліктілігінен басқа, конгнитивті дайындыққа, коммуникативтілікке, креативті дайындыққа, ұжымды позициялауға ие болу керек [3, 4].

Арнайы маманға қатысты, мамандандырылған дайындықты квалификациянды талаптар ғана толық сипаттайды. Өкінішке орай, қойылған мамандандырылған талаптар, маман иесінің квалификациясы туралы интегральды ойлауында ғана емес, ол оқу қорытындысын бағалаудағы вуздық пән мен студенттің оқуды игеру қорытындысының нәтижесімен бағаланды [3, 4, 5].

Стратегиялық мақсаттың шынайлығы үздіксіз білім жүйесінде әлеуметтік құрал сияқты, ол мамандандырылған заманауи сипаттағы медициналық сапалы білімді, әлемдік ұсынылымдар және қазіргі талаптарға сай деңгейде қамтамасыз етеді, сонда:

- құзыреттілік шешімде маман дайындауда, академиялық қарым қатынас және тәжірибелік біліктілікті енгізу;

- оқыту бағдарламасында жан – жақтылықты дамыту, соның ішінде жоғары әлемдік тәжірибе және жаңа оқыту технологиясын қолдану;

- шет ел мен Ресей базасында сапалы клиникалық дайындықты және клиника алды дайындықты енгізу [5].

Технологиялық пен сенімділік, унифицирлік, бағалаудағы объективтілік, нәтижені сараптау мен жүйелікті қоса отырып, жаңа бақылау әдістемесін қайталау қажеттілігі туындады [3].

Қазіргі уақытта жеке меншік клиникада оқыту негізінде, мамандарды тәжірибеге дайындау үлгісі қалыптасады. Ол өндірістік

тәжірибе ұйымының жолдарын, кафедрада тәжірибеге дайындықты, тәжірибе дағдыларын элективті курсқа енгізуді, шетел дәрігерлері кеңінен қолданатын муляж және дайындық заттарынан тәжірибе жинауын бағалауды қайта қарастыра алады. Клиникалық пен мамандандырылған құзыреттілікті бағалаудағы заманауи әдістері кеңінен қолдану керек. Қазіргі таңда алдыңғы қатарлы университеттерде тәжірибе дағдыларын объективті бағалауы және маманның білгірлігі, оларды дайындықтары бойынша ранжирлеу, дайындық сапасын жақсарту және бітіруші түлектің бәсекелестікке қабілеттілігі кеңінен сұранысқа ие. Берілген критерий бойынша объективті экзамен сәйкес, ол клиникалық дағдылар мен объективті құрылымдық клиникалық экзаменге (ОҚКЕ), сондай – ақ модифицирленген заманауи үлгі – топтық объективті құрылымдық клиникалық экзаменге (ТОҚКЕ) негізделген.

Клиникалық дағдыларды бағалауда әртүрлі жағдайларға жауап беретін күрделі манекендер үлгісіндегі жүрек дыбыстары, тыныс алуы, оксиметрия мен тамыр соғысы кеңінен қолдануда, студенттер тұрақты емес өмір белгілерін (артериалды қысым және жүрек жиырылуын) жеке және топ құрамымен басқара алады. Жоғары технологиялық моделдеу оқуда маңызды көмек болып саналады, ол білім бағалауда, клиникалық ойлаумен қарым – қатынаста да пайдалы [4].

Қазіргі таңда бітіруші түлектер «Шұғыл және жедел медициналық көмек» пәнін игере отырып, академиялық білімі бола тұра қарапайым орта медициналық қызметкердің алғашқы көмегін көрсете алмайды. ТОҚКЕ өткізу студенттердің ауруханаға дейінгі кезеңде жедел медициналық бригада шарттарына максималды жақын болатын жедел жағдай бойынша білімін ұтымды және заманауи үлгіде бағалау нұсқасы болып табылады.

Студенттер топтық әдісте жедел жәрдем бригадасының өмірдегі түрлі жағдайын, іс – әрекетін қайталайды, соңында топ студенттерінің іс - әрекеті топпен бірігуіне байланысты. Топтың рөлдік ойнауы жедел медициналық көмек қызметкердің іс – әрекетіне сай, нақтырақ айтқанда, дәрігер (лидер), 2 фельдшер (көмекшілер), бақылаушы (науқас/туысқандар).

ТОҚКЕ енгізуде шетел, ресей мен қазақстан медициналық жоғарғы оқу орында көптеген ақпарат бар. 2012 жылдың мамырында Алматылық ұжымдар алғашқы рет

клиникалық дағдыны бағалауда, сыртқы экзаменатор қатысумен дәрігер – интерндерге 12 стандартталған науқастарды беріп тәжірибе жүргізді. Басқа жоғарғы оқу орындарында клиникалық дағдыны бағалауда, университеттің оқу – клиникалық орталығында, басқа әдістемелерге ұқсамайтын кафедра қызметкерлерімен жасалған «Жедел және шұғыл медициналық көмек» кафедрасында 2011/2012 оқу жылдарында ТОҚКЕ жүргізу кеңінен қолданылды. Бұл жоба бітіруші түлектің өткен 4 жылдағы білімін бағалауда мемлекеттік экзаменде қолдануы артып, жыл сайын жалғасын табуда.

**Жұмыстың мақсаты** «Жалпы медицина» мамандығының 5 курс студенттерінің мемлекеттік аттестациялық бақылаудан өтуі кезіндегі ТОҚКЕ-ны меңгеруін бақылау болып табылады. Мемлекеттік емтиханды өткізуде бақылаудың бұл түрі әр жыл сайын тиімді бола түсуде. Жиі кездесетін кідіріссіз жағдайлардың госпитализацияға дейінгі кезеңіне байланысты жаңа диагностикалық және емдік протоколдардың енгізілуіне байланысты, станциялар тізімі, ТОҚКЕ-ні жүргізу әдістемесі жыл сайын өзгертіледі. Емтиханды өткізудегі ТОҚКЕ талабы мен шарттары жыл сайын өзгертіледі, мысалы 2011/2013 оқу жылдары аралығында станциялар тізімі ғана емес, студенттердің теориялық және тәжірибиелік дағдыларын жетілдіру мақсатында студенттерге арналған тапсырмаларда өзгертілді. Атап айтқанда, 2011/2012 оқу жылдары аралығында станциялар тізімі 8-ден 10-ға дейін жоғарылады, ал 2012/2013 оқу жылдары аралығында да клиникалық станциялар саны және әр станцияға 2-4 ситуациялық тапсырмадан жоғарылатылды. Мемлекеттік аттестациялық емтихандар интеграциялық болғандықтан, 2013/2014 оқу жылдарында оқу әдістемелік кешен және ТОҚКЕ-ны басқа клиникалық кафедраларда өткізуді дайындауға хирургиялық аурулар кафедрасы, жалпы тәжірибедегі дәрігер, неврология, психиатрия және наркология, ішкі аурулар кафедрасы, балалар инфекциясы, акушерлік – іс және гинекология кафедралары тартылды.

ТОҚКЕ-ні өткізудегі жағымды жақтарды атап өткен жөн, бағалау парағын оптикалық тануды пайдалана отырып баллдар автоматтандырылған жүйемен есептеледі, бұл жүйе оқу – клиникалық орталықтың (ОКО) қызметкерлерімен жасалған, нәтижелерді есептеуде кеткен қателерді жөндеуге мүмкіндік береді, бағаларды қою уақыттын

қысқартады, сонымен қатар бағалау парағын сканирленген түрде ұзақ уақыт сақтайды.

2013/2014 оқу жылдарында ТОҚКЕ-ні өткізуді әдісіне коммуникативтік дағдыларды енгізу және жетілдіру мақсатында №1 жалпы тәжірибедегі дәрігер кафедрасының қызметкерлері стандартталған пациенттер көмегімен «асқынған криз кезінде кідіріссіз көмек көрсету + коммуникативті дағдылар» станциясында коммуникативтік дағдыларды енгізуді ұйымдастырды.

Осы жылы ТОҚКЕ-ні өткізуде біздің кафедра ұйымдастырған «Қант диабетінің жедел асқынуы кезіндегі кідіріссіз көмек көрсету» станциясында әр түрлі варианттағы тапсырмалармен стандартталған пациенттер рөліне Қарағанды қаласының Облыстық жедел көмек көрсету станциясының бұрынғы қызметкерлері, яғни зейнеткерлері тартылды. Олардың позитивті қатысуы құзіреттіліктерінің, жауапкершіліктерінің болуы пациенттердің коммуникативті дағдыларға тартылуы; олармен құрылған атмосфера шындыққа сай болды. Жаңа клиникалық станцияда іс – әрекетке кіріспес бұрын тиісті алгоритімді талап ететін әр түрлі варианттағы клиникалық жағдайлар болды. Атап өту керек стандартталған пациенттер клиникалық жағдайдағы шарттармен толық сәйкес келеді, мысалыға атап өтсек, пациенттердің жасы, жынысы, антропометриялық деректері, әсіресе актерлердің рольдік ойынды тамаша ойнауы байқалды.

Тағы бір ТОҚКЕ-ні өткізудегі позитивті аспектілердің бірі болып студентке таныс емес стандартталған пациенттердің тартылуы, өздеріне таныс емес пациенттер алдындағы коммуникативті дағдыларды студенттердің ұстануларын емтихан бақылаушыларына бақылау мүмкіндігі туды, алдыңғы емтихандардан ерекшелігі, алдыңғы емтихандарды пациенттердің рөлін мұғалімдер ойнап келген және бұл студентпен мұғалімнің қарым – қатынасына байланысты студенттің мінез – құлқы өзгеріп отырған.

Студенттердің командалық әдіспен жұмыс көрсетуі оларды жоғары жауапкершілікті сезінді және кідіріссіз көмек көрсетуде біріңғай дұрыс шешім қабылдау үшін үйлесімді жұмысы жасауы тиыс болды.

ТОҚКЕ-ні өткізудегі аса маңызды ерекшелігі болып ТОҚКЕ-ні үш тілде өткізуі болып табылды, шынайы атмосфераны қалыптастыру және тілдік кедергі болмауы себепті шетелдік факультетке стандартталған пациенттер рөліне шетелдік әріптестер тартылды.

2015 жылғы мемлекеттік емтиханнан 686 студент сәтті өтті. Бұл студенттер 171 командаға бөлінді: 84 топ – орыс, 34 топ – қазақ, 2 топ – шетелдік бөлім. Әр командада көшбасшы болды, 2 көмекші және бақылаушы болды, сонымен қатар студенттердің рөлдік орындаулары әр станция ауысқан сайын ауысып отырды. ІІ этап 4 күн, бір сағат 20 минутқа созылды бір уақытта 40 адам тапсыруға мүмкіндігі болды. Ұйымдастырылудың бұл түрі шындығында емтиханды өткізуі уақытын үнемдеді және мұндай ұйымдастырылу түрі уақыт үнемдеу жағымен жағымды болды. Емтиханды өткізу барысы видео және аудио жазбаларға жазылып ЖОО-ның ішкі локальді желілерінде тікелей көрсетілді.

Команда мүшелері кездейсоқ іріктеп алынғанына қарамастан үйлесімді жұмыстары және көп жағдайда студенттердің жақсы дайындалғаны байқалып тұрды. ТОҚКЕ-ні тәуелсіз стандартталған пациенттермен өткізуде кейбір кемшіліктер болды және ол кемшіліктер студенттердің коммуникативті дағдыларды жеткілікті көрсете алмауымен көрінді осы қысыл таяң жағдайда оларға икемдену анық көрінеді. Бірнеше оқу жылдарында білім алушылар манекен және муляждармен жұмыс жасап үйреніп қалған, практикалық дағдыны тікелей орындаумен салыстырғанда, жұмысы істеу барысында вербальді және вебальді емес қатынас екінші орында болды.

Емтиханды өткізу барысында командаларға берілген тапсырмалар: диагнозды дұрыс қоюы керек және тапсырмада қарастырылған процедуралардың техникасын менекенде көрсету, мысалы: глюкометрия, көк тамыр ішіне инъекция, тонометрия. Манипуляцияны аяқтаған соң көпшілік студенттер кідіріссіз көмек көрсетілген пациенттердің жағдайын қайта бағаламады, нәтижесінде емтихан қабылдаушы жүргізілген терапияның тиімділігін толық көлемде бағалай алмады.

Осылайша ТОҚКЕ-ні өткізу барысында «Қант диабетінің жедел асқынуы кезінде кідіріссіз көмек көрсету» станциясында анықталған кемшіліктер стандартталған пациенттерді қатыстыру ЖОО-да әліде болса коммуникативті дағдыларды жетілдіру керектігін көрсетті.

### ӘДЕБИЕТ

1 Глыбочко П. Предлагаемая нами система определяет многоэтапную и многоуровневую подготовку и аттестацию специалистов //

Здоровье нации – новая стратегия. – 2012. – №3 (22). – С. 19-21.

2 Зимняя И. А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – №5. – С. 18-22.

3 Муминов Т. А., Даулетбекова М. И. Объективный структурированный клинический экзамен в оценке мануальных навыков выпускников по специальности «Лечебное дело» /Т. А. Муминов, М. И. Даулетбекова. – Алматы: Эверо, 2007. – 136 с.

4 Смаилова Ж. К. Оценка профессиональной компетенции студентов медицинского вуза. – Семей, 2014. – 230 с.

### REFERENCES

1 Glybochko P. Our proposed system detects the multi-stage and multi-level training and

certification of specialists //Health of the nation is a new strategy. – 2012. – No. 3 (22). – Pp. 19-21. (in Russian)

2 Zimnyaya I. A. Key competencies – the new paradigm of education results //Modern higher education. – 2003. – No. 5. – Pp. 18-22. (in Russian)

3 Muminov T. A., Dauletbekova M. I. Objective structured clinical examination in evaluation of manual skills of graduates of the specialty «Medicine» /Т. А. Muminov, М. И. Dauletbekova. – Almaty: Evero, 2007. – 136 p. (in Russian)

4 Smailova Zh. K. Evaluation of professional competence of students of the medical school. – Semei, 2014. – 230 p. (in Russian)

Поступила 01.02.2016 г.

*A. R. Alpysova, N. T. Telembetov, L. M. Matayeva, L. I. Bocharova, G. K. Tuleuova*  
**ANALYSIS OF IMPLEMENTATION OF GROUP OBJECTIVE STRUCTURED CLINICAL EXAMINATION AS METHOD OF KNOWLEDGE ASSESSMENT**

*Department of the first aid №1 of Karaganda state medical university*

Group objective structured clinical examination is the most optimal and innovative variant of students' knowledge assessment on emergency conditions due to its maximal closeness to conditions of provision of emergency care at a prehospital stage by ambulance crews. The purpose of this work is to analyze the experience of implementation of group objective structured clinical examination when 5<sup>th</sup> year students of the specialty «General medicine» pass the state certification commission.

There were obtained the positive aspects of the implementation of an innovative method of knowledge assessment, such as the application of an automated scoring system using optical recognition of scorecards, the possibility of examiner to observe the students to use communication skills with unknown to them people (patients).

During the group objective structured clinical examination revealed shortcomings which consist in the lack of ability of students to apply communication skills, knowledge of which is clearly manifested in an emergency situation, have shown the need to improve communication skills throughout the learning process at the university.

*Key words:* group objective structured clinical examination, state attestation commission, students, assessment of knowledge, communication skills

*A. P. Алпысова, Н. Т. Телембетов, Л. М. Матаева, Л. И. Бочарова, Г. К. Тулеуова*  
**АНАЛИЗ ВНЕДРЕНИЯ ГРУППОВОГО ОБЪЕКТИВНОГО СТРУКТУРИРОВАННОГО КЛИНИЧЕСКОГО ЭКЗАМЕНА КАК МЕТОДА ОЦЕНКИ ЗНАНИЙ**

*Кафедра скорой неотложной медицинской помощи №1 Карагандинского государственного медицинского университета*

Групповой объективный структурированный клинический экзамен является наиболее оптимальным и инновационным вариантом оценки знаний студентов по неотложным состояниям в связи с его максимальной приближенностью к условиям оказания неотложной помощи на догоспитальном этапе бригадой скорой медицинской помощи.

Целью работы явился анализ опыта внедрения группового объективного структурированного клинического экзамена при прохождении государственной аттестационной комиссии студентами 5 курса специальности «Общая медицина».

Выделены положительные аспекты внедрения инновационного метода оценки знаний, такие как применение автоматизированной системы подсчета баллов с использованием оптического распознавания оценочных листов, возможность наблюдения экзаменатором проявлений коммуникативных навыков студентов с неизвестными для них людьми (пациентами). В ходе проведения группового объективного структурированного клинического экзамена выявленные недочеты, заключающиеся в недостаточном умении студентов проявлять коммуникативные навыки, владение которыми, отчетливо проявляется именно в экстремальной ситуации, показали необходимость совершенствования коммуникативных навыков в течение всего процесса обучения в вузе.

*Ключевые слова:* групповой объективный структурированный клинический экзамен, государственная аттестационная комиссия, студенты, оценка знаний, коммуникативные навыки